

**Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
жанындағы D050 – Философия және этика кадрлар даярлау бағыты бойынша
8D02201 – Философия білім беру бағдарламасы / 6D020100 – Философия
мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің
2025 жылғы жұмысы туралы есеп**

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

2025 жылғы есептік кезеңде диссертациялық кеңестің 4 (төрт) отырысы өткізілді:

Бірінші отырыс – И.А. Ахметованың диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін бекіту бойынша (№ 1 хаттама, 11.12.2025 ж.).

Екінші отырыс – докторант И.А. Ахметованың диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттерді тағайындау және қорғау күнін белгілеу жөнінде (№ 2 хаттама, 12.12.2025 ж.).

Үшінші отырыс – А.К. Муканованың диссертациялық жұмысын қорғауға қабылдау және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін бекіту бойынша (№ 3 хаттама, 17.12.2025 ж.).

Төртінші отырыс – докторант А.К. Муканованың диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттерді тағайындау және қорғау күнін белгілеу жөнінде (№ 4 хаттама, 18.12.2025 ж.).

Диссертацияларды қорғау туралы ақпарат және барлық қажетті құжаттар академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ресми сайтында <https://buketov.edu.kz/ru/page/ds/2025-8D02201> орналастырылған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жолданған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Кворумды қамтамасыз ету үшін диссертациялық кеңестің барлық отырыстарына оның барлық мүшелері қатысты. Отырыстардың жартысынан азына ғана қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері болған жоқ.

3. ЖЖОКБҰы көрсетілген докторанттар тізімі.

Қорғауға диссертация ұсынған докторанттар туралы мәліметтер төмендегі кестеде келтірілген.

№	ТАЖ	Оқу орны	Шифр, мамандық	Қорғау күні	Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні
1	Ахметова Индира Абдигазымовна	«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КЕАҚ	8D02201 – Философия	24.01.2026	
2	Муканова Асель Конуспековна	«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті» КЕАҚ	8D02201 – Философия	24.01.2026	

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) Қарастырылған жұмыстың тақырыбын талдау

И.А. Ахметованың еріктілік феноменін философиялық-этикалық тұрғыдан пайымдауға арналған диссертациялық зерттеу тақырыбы қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы жағдайында өзекті әрі әлеуметтік маңызы жоғары болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі еріктіліктің азаматтық белсенділіктің маңызды формасы, әлеуметтік ынтымақтастық тетігі және азаматтық қоғамның құндылықтық негіздерін нығайтудың тиімді құралы ретіндегі рөлінің артуымен айқындалады. Жаһандану, цифрландыру және дәстүрлі әлеуметтік байланыстардың өзгеруі жағдайында еріктілік жаңа мазмұнға ие болып, әлеуметтік жауапкершілікті, азаматтық кемелдікті және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды факторы ретінде көрініс табуда.

Диссертациялық жұмыс қазақ тілінде жазылған және оның маңызы ретінде көрініс табууда.

Зерттеу тақырыбы қоғамдық дамудың рухани-адамгершілік негіздерін зерделе бағытталған гуманитарлық ғылымдардың заманауи даму үрдістерімен үндеседі, сондай еріктілік қызметті қолдау мен дамытуға бағытталған мемлекеттік саясат сұраныстарына толықтай жауап береді.

А.К. Муканованың диссертациялық зерттеу тақырыбы өзектілігімен ерекшеленіп отыр. XXI ғасырда жаһандық үдерістер аясында идентичтік мәселелері ерекше өзектілікке ие болып отыр, сондықтан полиэтносты және поликонфессиялы қоғамы мемлекет ретінде Қазақстан үшін жастардың этникалық және діни сәйкестігін зерттеу жоғары дәрежеде өзекті. Жаһандану мен цифрландыру жағдайында жас ұрпақ бір мезгілде жаңа даму мүмкіндіктерін алып, дәстүрлі тамырларынан айырылу қаупімен де бетпе-бет келеді. Ғаламдық ақпараттық ағындар, әлеуметтік желілер және технологиялық прогресс қазақстандық жасты әлемдік мәдени кеңістікке инкорпорациялап, жаһандық құндылықтар мен идеяларды жариялайды (кейде тіпті танады). Бір жағынан, бұл үдерістер мәдениетті бірегей ерекшеліктерін унификациялап, жойылу қаупін төндіруі мүмкін; екінші жағынан, қоғамның табиғи реакциясы ретінде сәйкестік мәселесіне, әсіресе этникалық және діни өлшемдеріне, өзінің ерекшеліктерін сақтайтын тиімді тәсіл ретінде, назардың артуы заңды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда діни жаңғыру орын алды: кеңестік кезең идеологиялық унификациясынан шыққан адамдар өздерінің рухани сәйкестігін қайта сезіне бастады. 1990–2000 жылдардағы діни ренессанс сенімнің – мәдениеттің элементі және моральдық құндылықтардың сақтаушысы ретінде – жылдам өзгеріп жатқан әлем көпшілік үшін тірек нүктесіне айналуына әкелді. Балалық шағы мен жастық кез посткеңестік дәуірге сай келген жас буын осы жаңа діни-мәдени өрлеуді де, жаһандық секулярлық трендтерді де бойына сіңіріп келеді.

2) Диссертация тақырыбының ғылым дамуының бағыттарымен байланысы

И.А. Ахметованың диссертациялық зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымның бас бағыттарының бірі – елдің зияткерлік әлеуетін арттыру және гуманитарлық салада іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамыту бағытына толық сәйкес келеді.

Зерттеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік мәдени және әлеумет саясатының басымдықтарымен толық үйлеседі және «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мен «Қазақстан-2050: Бір халық, бір тағдыр, бір болашақ» стратегиясында айқындал рухани бірлік, әлеуметтік жауапкершілік және азаматтық қоғамды нығайта қағидаттарымен сабақтас.

Еріктіліктің әлеуметтік-мәдени табиғатын ашу ұлттық бірегейлікті нығайтуға, өз көмек мәдениетін дамытуға және азаматтардың қоғамдық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

етеді. Бұл бағыттар «Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасында (2020–2025)» көрсетілген стратегиялық басымдықтармен толық сәйкес келеді. Аталған Тұжырымдамада әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, қоғамдық бастамаларды қолдау және өзара көмек мәдениетін қалыптастыру мемлекеттің негізгі мақсаттарының бірі ретінде белгіленген.

А.К. Муқанованың «Қазақстандық жастардың этникалық және діни сәйкестілігі (әлеуметтік-философиялық талдау тәжірибесі)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді және жаһандану жағдайында әлеуметтік-мәдени үдерістерді зерделеуге, азаматтық идентичтікті қалыптастыруға және қоғамдық келісімді нығайтуға басымдық беретін Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың Концепциясы аясында жүзеге асырылған.

Диссертация тақырыбы жастарды қоғамның маңызды әлеуметтік тобы ретінде қарастыра отырып, олардың этникалық және діни идентичтігінің трансформациясын ғылыми тұрғыдан пайымдауға бағытталған, бұл ғылым, білім және қоғамның рухани дамуы саласындағы мемлекеттік саясаттың міндеттеріне толық сәйкес келеді. Зерттеу Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 7-бабындағы, яғни білім беру жүйесінің мақсаты – тез өзгеріп отыратын әлем жағдайында өз әлеуетін табысты іске асыра алатын, мәдениетаралық диалог пен әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын саналы түрде ұғынатын жоғары білікті мамандарды даярлау деген қағидалармен үндеседі.

3) Диссертация нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілу деңгейін талдау

И.А. Ахметованың диссертациялық зерттеуінің практикалық маңыздылығы алынған теориялық тұжырымдар мен қорытындыларды білім беру, ғылыми-әдістемелік және қоғамдық қызмет салаларында қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Зерттеудің өзектілігі еріктіліктің адамзаттың ең жоғары моральдық-рухани ұмтылыстарын бейнелейтін әлеуметтік-мәдени және философиялық-этикалық феномен ретіндегі маңызының артуымен байланысты. Жаһандану үдерісінің күшеюі, ұлттық шекаралардың шарттылығының артуы және қоғамдардың өзара тәуелділігінің тереңдеуі жағдайында рухани және әлеуметтік трансформациялар жүйелі сипатқа ие болуда. Бұл жағдай дәстүрлі моральдық негіздер мен құндылықтық бағдарларды қайта пайымдауды талап етеді.

Жаһандану тұлғаның дүниетанымына, құндылықтық ұстанымдарына және әлеуметтік белсенділік формаларына тікелей ықпал етіп, әлеуметтік жауапкершілік, альтруизм, ынтымақтастық пен өзара көмек категорияларының маңызын арттырады. Осы тұрғыдан алғанда, еріктілікті философиялық-этикалық тұрғыдан зерделеу оны тек әлеуметтік тәжірибе ретінде емес, адамның рухани еркіндігінің, моральдық таңдауы мен экзистенциалдық жауапкершілігінің көрінісі ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ халқының дәстүрлі рухани жүйесінде еріктілік терең тарихи-мәдени тамырларға ие. Түркілік кезеңде қауымдық өзара жәрдем, ұжымдық жауапкершілік пен бірлік қағидаттары еріктіліктің онтологиялық және әлеуметтік негіздері ретінде қалыптасты. Ислам өркениетінің ықпалымен бұл тәжірибелер садақа, қайырымдылық, мейірімділік және игі іс ұғымдарымен рухани-этикалық мазмұнға ие болды. Нәтижесінде еріктілік қазақ халқының ұлттық болмысы мен рухани мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды.

Сонымен қатар, жаһандану жағдайында мәдени гомогенизация, индивидуализмнің күшеюі және дәстүрлі құндылықтардың әлсіреуі, әсіресе жастар арасында, еріктілікті аксиологиялық және дүниетанымдық феномен ретінде қайта пайымдаудың маңыздылығын арттырады.

Қазақстан Республикасында еріктілік қозғалысының институционалдық дамуы және жастардың азаматтық белсенділігінің артуы еріктілікті ұлттық философиялық дискурс аясында талдаудың өзектілігін күшейтеді. Қазақ халқының дәстүрлі рухани

құндылықтары мен қазіргі заманғы волонтерлік тәжірибелер арасындағы сабақтастықты анықтау зерттеудің теориялық әрі практикалық құндылығын айқындайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың еріктілікке қатысты ұстанымы бұл мәселенің қоғамдық маңызын айқындай түседі. Мемлекет басшысы еріктілікті халықтың тарихи болмысынан бастау алатын, азаматтық қоғамды нығайтатын маңызды қоғамдық құбылыс ретінде бағалап, Абайдың «Қарекет қыл, пайдасы көпке тисін» деген өсиеті арқылы еріктілік қызметтің адамгершілік және қоғамдық мәнін атап өтеді. Бұл тұрғыда еріктілік әлеуметтік көмек көрсету формасы ғана емес, азаматтық белсенділік, рухани жауапкершілік пен ұлттық бірегейліктің көрінісі ретінде танылады.

Зерттеу нәтижелері Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті КеАҚ-тың білім беру үдерісіне енгізіліп, философиялық және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытуда, сондай-ақ еріктілік философиясы, әлеуметтік жауапкершілік этикасы және азаматтық белсенділіктің құндылықтық негіздеріне арналған элективті курстарды әзірлеу мен іске асыруда қолданылуда.

Диссертация материалдары волонтерлік және қоғамдық ұйымдардың қызметінде, әлеуметтік жобалар мен еріктілік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру барысында, өзара көмек, альтруизм және әлеуметтік ынтымақтастық мәдениетін дамытуға бағытталған бастамаларда пайдаланылуда.

Зерттеу нәтижелері ғылыми жарияланымдарда, халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда апробациядан өтіп, оқу-әдістемелік материалдарды дайындауда қолданыс табуда.

Осылайша, И.А. Ахметованың диссертациялық зерттеуі жоғары ғылыми және практикалық маңызға ие болып, алынған нәтижелер білім беру және қоғамдық практикада тұрақты деңгейде енгізілген.

Диссертация нәтижелерінің практикалық маңыздылығы мемлекеттік жастар саясатын, білім беру және мәдени бағдарламаларды әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Зерттеу тұжырымдары этносаралық және конфессияаралық толеранттылық стратегияларын құруда, сондай-ақ ашық әрі жауапты азаматты тәрбиелеуге бағытталған философия, социология және мәдениеттану бойынша оқу курстарын әзірлеуде пайдаланылуы мүмкін. Сәйкестіктің плюралистілігін мойындау және жаңа медиа шындықтарын (интернет, әлеуметтік желілер) ескеру тұрақты және ашық қоғам қалыптастыруға ықпал етеді, онда жастар мәдени жаңғырудың нысаны ғана емес, сонымен бірге субъектісі болып табылады. Бұл экстремизмнің алдын алу, ұлттық бірлікті нығайту және көпұлтты Қазақстандағы дәстүрлі және заманауи құндылықтардың интегративті өзара әрекеттесуін қолдау үшін маңызды.

Диссертация Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті үйлестіретін іргелі зерттеулер бағдарламаларының ғылыми-зерттеу жұмыс жоспарларына сәйкес орындалды: АР25795571 «Қазіргі заманның жаһандық трендтері контекстіндегі қазақстандық қоғам трансформациясының социомәдени факторлары» (№92ЖҒ-25-27 жж.).

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

1) Диссертациялық кеңестің шешімімен (№ 2 хаттама, 12.12.2025 ж.) қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер бекітілді.

Ахметова И.А. «Қазақ даласы құндылықтарының жүйесіндегі еріктілік (философиялық-этикалық дискурс тәжірибесі)», «8D02201 – Философия» БББ.

Ресми рецензенттер:

1. Сағиқызы Аяжан – философия ғылымдарының докторы (Әлеуметтік философия), ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне қарасты Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, профессоры.

2. Құранбек Әсет Абайұлы – философия ғылымының кандидаты (Философия тарихы), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор.

2) Диссертациялық кеңестің шешімімен (№ 4 хаттама, 18.12.2025 ж.) қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша рецензенттер бекітілді.

Муканова А.К. «Қазақстандық жастардың этникалық және діни сәйкестілігі (әлеуметтік-философиялық талдау тәжірибесі)», «8D02201 – Философия» БББ.

Ресми рецензенттер:

Кожамжарова Майра Жанайдаровна - философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор «Торайғыров университет» «Философия және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының меңгерушісі.

Жолдубаева Ажар Куанышбековна – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры.

Рецензенттер ретінде докторанттардың зерттеу саласына сәйкес ғылыми дәрежесі бар, сондай-ақ халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланымдары бар мамандар тағайындалды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- қорғауға қойылатын талаптардан жоғары рейтингті ғылыми басылымда мақаланың болуы жөніндегі талапты алып тастау қажет;

- докторантураны аяқтағаннан кейін академиялық ұтқырлық аясында докторанттарға өздері қорғауды қалаған диссертациялық кеңесті таңдау мүмкіндігін беру қажет;

- докторантураға қабылдау ережелерінен ағылшын тілін білу сертификатының болуы туралы талапты алып тастау қажет. Бұл талап диссертацияның және қорғаудың тілі ағылшын тілі болып белгіленген жағдайда ғана қолданылуы тиіс.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) - 2

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) - 0

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) - 0

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) - 0

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) - 0

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) - 0

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

2025 жыл "30" сентябрь.



Жарипбаев Б.И.

Манасова М.М.